

## №2 ХАТТАМА

2025-2026 оқу жылына арналған Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №7 бөбекжайы» КМҚК  
бракераж комиссиясының отырысы

28 қаңтар 2026 жыл

**Қатысты: 5 адам**

Комиссия төрағасы: Елекеева Л.Р. директор

Комиссия мүшелері:

Виденчук Д.Г. - ата-аналар Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Избасарова А.А., бракераж комиссиясының мүшесі, әдіскер

Шумультурова Г.К. - бракераж комиссиясының мүшесі, бас есепші

Исмакова Г.Б., бракераж комиссиясының мүшесі, диеталық бике (қатысқан жоқ)

Шақырылғандар:

Мусина Э.К. бөбекжай бас аспазшысы, Кривопляс Я.Э. - қоймашы.

Ата-аналар: Бейсембаева З.М., Искендинова А.Р.

### Күн тәртібі:

1. Дайын тағам сапасын бақылау нәтижелері.
2. Топтарда дайын порцияларды өлшеу.

Отырыстың барысы:

**Бірінші мәселе бойынша** бракераж комиссиясының төрағасы Елекеева Л.Р. дайын тағамға бракераж жүргізу (сынама алу) туралы ақпаратпен сөз сөйледі. Түскі ас мәзірінде: сәбіз салаты, ет-сүйек сорпасындағы харчо көжесі, үйше қуырдақ, кептірілген жемістерден компот болды.

1. Сәбіз салаты:

Сыртқы түрі: туралған немесе үгітілген сәбіз, біркелкі тұздықталған, бөгде қоспасыз. Түсі: ашық қызғылт сары, біртекті. Дәмі: балғын, сәл тәттілеу, сәбіз бен тұздықтың айқын дәмі сезіледі. Иісі: жаңа сәбізге тән, бөгде иіссіз.

2. Ет-сүйек сорпасындағы харчо көжесі

Сыртқы түрі: сұйық бөлігінде ет, күріш, көкөніс және көк шөп кесектері бар, бетінде артық май жоқ. Түсі: қанық қызыл-қоңыр. Дәмі: қанық ет дәмді. Иісі: еттің айқын хош иісі. Қоюлығы: сорпасы мөлдір немесе сәл лайлы, ет кесектері жұмсақ, күріші жақсы піскен.

3. Үйше қуырдақ

Сыртқы түрі: ет пен картоп кесектері көкөністермен бірге біркелкі бұқтырылған, пішінін сақтаған.

Түсі: ет - қоңыр, картоп - алтын түстес, тұздығы - ашық қоңыр. Дәмі: қанық, етті, орташа тұзды, бұқтырылған көкөніс хош иісі бар. Иісі: бұқтырылған еттің жағымды иісі. Қоюлығы: жұмсақ, шырынды, ет нәзік, картоп жақсы бұқтырылған.

4. Кептірілген жемістерден компот

Сыртқы түрі: мөлдір немесе сәл боялған сусын, ішінде жеміс-жидек кесектері бар. Дәмі: тәтті, пайдаланылған жемістерге тән. Иісі: айқын жеміс хош иісі, бөгде иіссіз. Қоюлығы: сұйық, жемістер жұмсақ, езілмеген.

Балабақша директоры Елекеева Л.Р. дайындалған тағамдардың сапасы күн сайын бағаланып, өнімнің органолептикалық бағалау журналына тіркелетінін хабарлады.

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНЫ:**

Бракераж комиссиясының мүшелері тағамдар мен аспаздық өнімдердің келесі сапа бағалауын 2026 жылғы сәуір айында өткізсін. Орындау мерзімі: 2026 жылғы сәуір. Орындаушылар: бракераж комиссиясының мүшелері.

